

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 және 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 мамырдағы N 574 қаулысы

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 23 наурыздағы N 1317 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

IV "Шығындар" бөлімінде:

3 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік" функционалдық тобында:

3 "Сот қызметі" кіші функциясында:

501 "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты" әкімшісі бойынша:

001 "Сот жүйесі органдарының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша:

100 "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қызметін қамтамасыз ету" кіші бағдарламасында "545477" деген сандар "563579" деген сандармен ауыстырылсын;

103 "Жергілікті соттар" кіші бағдарламасында "5777053" деген сандар "5758951" деген сандармен ауыстырылсын;

2) "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 344-қосымшада :

2-тармақ "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығы " деген сөздермен толықтырылсын;

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесінде:

реттік нөмірі 6-жолдың 5-бағанында:

"179 бірлік" деген сөздердің алдынан "саны 48 бірлік Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының соттарын және" деген сөздермен толықтырылсын;

"179" деген сандар "164" деген сандармен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 9-жолдың 5-бағанындағы "8167" деген сандар "8134" деген сандармен
ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ